

DOI 10.52260/2304-7216.2024.3(56).5
ЭОЖ 338.31:553.04 (574)
FTAMP 06.75

Б.Т.Череева*, PhD, доцент м.а.¹
Б.Т. Бейсенғалиев, э.ғ.д., профессор¹
Қ.М. Жумаксанова, э.ғ.к., асс. профессор²
Э.Р. Кузенбаева, магистр²

Esil University, Астана қ., Қазақстан¹

Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль- жол институты,
Алматы қ., Қазақстан²

*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: b_chereyeva@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТІ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТТЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Берілген мақаланың мақсаты инвестициялық шешімдер қабылдау әдістері арқылы мемлекеттік мүлік пен қаражатты пайдалану тиімділігіне бағалау жүргізу қажеттілігін ашу. Ұсынылған зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі мемлекеттік ресурстардың тиімділігіне бағалау жүргізудің мәнін зерделеуге және аудиттің басқа түрлерінің арасында оның ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін жүйелік және құрылымдық талдау әдістеріне негізделген. Ұсынылған зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі мемлекеттік ресурстардың тиімділігіне бағалау жүргізудің мәнін зерделеуге және аудиттің басқа түрлерінің арасында оның ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін жүйелік және құрылымдық талдау әдістеріне негізделген. Ғылыми-әдістемелік аппарат ретроспективті талдауды, себеп-салдарлық талдауды, салыстырмалы талдау әдісін және мемлекеттік қаражат пен меншікті пайдалану тиімділігін бағалауға бейімделген коэффициенттік талдауды қамтиды. Зерттеудің құндылығы – инвестициялық шешімдерді бағалау әдістерін негіздеу және мемлекеттік ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауға бейімдеу, сондай-ақ олардың әдістемелік ерекшеліктері мен нақты көріністерін анықтау болып табылады. Мақалада мемлекеттік қаражат пен мүлікке қатысты тиімділікті бағалауды (аудитті) пайдалану негіздемесі берілген. Тиімділікті бағалауды (аудитті), оларды жүргізу ерекшеліктерін пайдаланудың шетелдік тәжірибесі ұсынылған. Зерттеу барысында мемлекеттік меншік пен бюджет қаражатының тиімділігін бағалаудың әдістемелік ерекшеліктері тұжырымдалып, олардың нақты көрінісі көрсетілген. Авторлар мемлекеттік басқарудың барлық қатысушыларының өзара байланысын білдіретін мемлекеттік ресурстардың (меншік, бюджет және т.б.) тиімділігін бағалауды жүргізу тетігін ұсынды. Мемлекеттік қаражат пен меншікті пайдалану тиімділігін бағалау рәсімінің олардың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық негізін көрсететін негізгі элементтері тұжырымдалған. Авторлар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерін қаржыландыру мақсатқа жету үшін қаражатты жұмсаудың барлық баптарын қамтитын мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатынына назар аударды. Мемлекеттік игеру дәрежесі мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігінің коэффициентін, таза дисконтталған құн әдісін, капиталдандыру коэффициентін және ішкі пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдануды ұсынатын белгілі бір әдістемені қолдануды талап етеді. Ұсынылған әдістеме мемлекеттік қаражаттың тиімділігін бағалауды қолдануға негізделген және бейімделген.

Кілт сөздер: мемлекеттік басқару, тиімділікті бағалау, мемлекеттік меншік, бюджет, тиімділік коэффициенттері, аудит, тиімділік аудиті

Ключевые слова: государственное управление, оценка эффективности, государственная собственность, бюджет, коэффициенты эффективности, аудит, аудит эффективности

Keywords: public administration, efficiency assessment, state ownership, budget, efficiency coefficients, audit, efficiency assessment

Кіріспе. Соңғы кездері Қазақстан Республикасында мемлекеттік реттеудің қызметтерін және құралдарын жандандыруы, және де әлеуметтік-экономикалық үрдістерге ықпал етуі бойынша қажеттілік терең байқалады. Мемлекеттік басқарудың көпжақтылығына байланысты мемлекеттік қызметтер санының көбеюі, басқарудың сапасын төмендеуіне әкелу қауіпін туғызуы мүмкін. Сол себептен, басқару үрдістерінің тиімділігіне әсер етуде бақылау нысандарының маңызы мол. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, қазіргі бақылау нысандары бақылауға түсетін ұйымдардың жұмыстарына нашар бағытталған. Сонымен бірге қазіргі заманға сай мемлекеттік бақылау жүйесін қалыптастыруға қажетті концептуалдық әдіс-тәсілдер әзірленбеген, бақылау қызметіндегі ілгері нысандарын және әдістерін қолдануы артта қалып отыр. Уақыт талабына сай дамып жатқан мемлекеттік қызметтер егжей-тегжейлі бейімделіп келеді. Мәселен, қаржылық бақылау бюджеттің

қаражаттарын бөлуінің атаулығынан мемлекеттік ресурстардың тиімді, нәтижелі және үнемді пайдалануын бақылауға ауысты [1]. Осыған байланысты мемлекеттік қаражаттың және мүліктің тиімді бөлінуі кезінде бақылау құралдарды дұрыс пайдалануы өзекті болып табылады. Жүргізілген зерттеудің мақсаты инвестициялық шешімдер қабылдау әдістері арқылы мемлекеттік мүлік пен қаражатты пайдалану тиімділігіне бағалау жүргізу қажеттілігін ашу болып табылады. Зерттеу әдістері ретінде ретроспективалық, себеп-салдарлық, салыстырмалы және коэффициенттік талдау қолданылды. Олардың көмегімен зерттеу материалдарына мемлекеттік меншік пен мемлекеттік қаражаттардың тиімділігін бағалаудың әдістемесі қарастырылды.

Өзекті бақылау құралдардың бірі – бұл мемлекеттік ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалау (аудит).

«Тиімділік аудиті» терминнің пайда болуын бағалаудың ерекше түрі ретінде Лима декларациясын қабылдаумен байланысты деп айтуға болады [2]. Тиімділік аудиті деп ресурстардың әртүрлі түрлерін пайдалану саласындағы экономикалық субъектілердің қызметін ақпараттық-ашық, сенімді тексеру түсініледі [3].

Мемлекеттік меншік қатарына тек өндірістік немесе әкімділік сипаттағы активтерді ғана емес, сонымен қатар нәтижелелігі сандық емес, сапалық көрсеткішпен анықталатын әлеуметтік активтерді де қамтиды [4]. Бұл мемлекеттік объектінің тиімділігін неғұрлым тиімді көрсететін түрлі тәсілдерді қолдануды талап етеді. Атап айтқанда, мемлекеттік білім беру мекемелері қызметінің ерекшелігі мұндай мекемелерді бақылауды ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтайды. Себебі, бұл мекемелер бюджеттен қыржыландырылады, сондай-ақ олардың қызмет тиімділігі жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуімен айқындалады. Мемлекеттік қаражаттарды пайдалану тиімділігін айқындау мақсатында жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесін талдау тиімділікті бағалау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиетке шолу. Қазіргі кезде жоғары қаржылық бақылау ұйымдармен қолданылатын халықаралық стандарттарында тиімділік аудиті мемлекеттік ұйымдардың қызмет тиімділігі мен нәтижелілігі салдарынан ресурстарды үнемді пайдалануды бағалайтын тәуелсіз сараптамасы ретінде айқындалады [5]. Сонда, тиімділік аудиттің мақсаты ретінде бағалайтын объектілердің қызметін жетілдіру үрдісі түсініледі.

20-шы ғасырдың 90-ыншы жылдарында көптеген дамыған елдердің қаржы жүйелерінде әкімшілік және мемлекеттік қаржыландыру реформалары жүргізілген еді. Реформаларды жүргізуге елдерде экономикалық өсу қарқынның баяулану салдарынан қаржылық тұрақтылықтың болмауы ең басты себеп болды. Реформаның нәтижесінде мемлекеттік ұйымдардың қызмет өнімділігін және нәтижелілігін көтеруге бағытталған тиімділікті басқару әдістерін енгізуге қажеттілік туындады. Берілген сыртқы бақылаудың құралы, яғни тиімділік аудиті, жоғары тексеру ұйымдарының орталық бақылаушылық-тексеріс мекемелері мен қауымдастықтары арқылы алынды [6].

Қазақстанда мемлекеттік органдарда тиімділік аудитін жүргізуінің тәртібі халықаралық стандарттарға сай жүргізіледі. Халықаралық стандарттар қатарына ISSAI 300, ISSAI 3000 және ISSAI 3100 жатады [7]. Берілген стандарттар тиімділік аудитті жүргізуінің басты қағидаларын, тұжырымдамаларын және нұсқаулығын сипаттайды. Сондай-ақ, бұл стандарттармен бірге әр елдің мемлекеттік қаржылық ресурстардың мақсаттық жұмсалуды тексеруге арналған ұлттық заңнамалары да қарастырылады. Әдетте, ұлттық заңнамалар елдің ұлттық ерекшеліктерін, тарихи тәжірибесін, қолданыстағы әдеп-құрыптарын және дәстүрлерін ескеріп анықталады.

Сонымен, әлемдік тәжірибеде бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік ұйымдардың қызмет тиімділігі туралы ақпаратты шынайы, толық және объективті түрде алу үшін тиімділік аудиті қолданылады. Бұл мемлекеттік ресурстарды басқару процесін жақсартатыны айқын, сол себептен мемлекеттік ұйымдардың салалық бағыттағы қызметінде тиімділік аудитін қолдану әдістемесін одан әрі жетілдіру бойынша зерттеулер қажетті.

Негізгі бөлім. «Тиімділікті бағалау» әдісі ресурстарды (меншік, қаражат және т.б.) бөлуі мен оларды нақты экономикалық субъектілерге жеткізуді таза формальді бағалау шегінен тыс «бақылау аясын» кеңейтуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге берілген әдіс жеке бюджетті алушыға қатысты мемлекеттік қаражаттарын тиімсіз қолдануының себептері мен факторларының кешенді талдауын жүргізуіне мүмкіндік береді. Мемлекеттік қаражатты жұмсаудың нақты жағдайына байланысты мәліметтерін беру негізінде мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жандандыру жағдайларын жасауды қамтамасыз етеді.

Төменгі суретте тиімділікті бағалау әдістің ерекшеліктері мен оның көріну шындығы көрсетілген.



Сурет 1 – Мемлекеттік меншігі мен бюджет қаражаттың тиімділігін бағалаудың әдіснамалық ерекшеліктері*

*[8] көзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы сурет көрсеткендей, тиімділік аудит әдісін мемлекеттік ұйымдардың қызметінде бюджет қаражатының тиімділігі мен үнемділігі қағидаттары нақты қолданылады. Сондай-ақ, орындалуды бақылаудан бастап шешімді қабылдауды бақылауға дейін үрдісі толығымен тексеріліп өтіледі.

Қазір мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуынады шешуші рөлді тиімділік көрсеткіштеріне берілетіні баршаға мәлім. Себебі мемлекеттік қаражаттарды немесе меншікті тиімділікпен жұмсамай елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етуді мүмкін емес. Белсенді экономикалық өсу мәселесін шешу жағдайында мемлекет ресурстарын тиімді пайдалануының өсуі маңызды факторға айналады.


Тиімділікті бағалаудың негізгі міндеті қол жеткізген нәтижелерді жоспарланған шаралар бойынша бағалауды жүргізу болып табылады [9]. Тексеріс барысында әдістерді және үрдістердің егжей-тегжейі емес, түпкілікті немесе аралық нәтижелері бағалануы тиісті. Алынған нәтижелер бойынша сапаны, құнды және санды өлшеуге қажетті белгілері бар кезде тиімділік аудитін қолдануы жөн.

Мемлекеттік бюджеттің қаражатын пайдалану тиімділікті бағалау механизмі келесі элементтерден тұрады:

- Бақылау стандарттарға сәйкес тиімділікті бағалауға бағытталатын тексеріс шараларды іске асыру үрдісінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерді және өзара қарым-қатынастарды ұйымдастыруына, есепке алуына, талдау мен қорытынды жасауға бағытталатын арнайы құжаттық-нұсқаулық бекітілуі тиіс;
- Мақсатты бағдарланған құжаттардың тиімділігін, олардың қозғалысын бағалауға қолданылатын нормативтік құжаттары мен ақпарат көздерін айқындауға қажет;

- Бақыланатын объектілердің басты белгілерін бағалау үшін қажетті «тиімділік бағалаудың маңызды нүктелерді» анықтау керек;
- Тиімділікті бағалау әдістері мен параметрлерін жүйелеу қажет;
- Мемлекеттік қаржы ресурстарын қолданудың тиімділігі мен үнемділігін төмендейтін ықтималдық үлгілі факторлары, бұзушылықтарды және мән-жәйлары жөніндегі деректер базасын қалыптастыру.

Атап көрсетілген бағалау механизмі 2-ші суретте бейнеленген.



Сурет 2 – Тиімділікті бағалау механизмі*

*[10] көзі негізінде авторлармен құрастырылған

Бағалау рәсімі белгілі бір критерийлерге сәйкес іске асырылады. Бұл мемлекеттік ұйымдар жұмысының мақсатқа бағытталуы мен тәжірибелік бағдарлануын қамтамасыз етеді. Критерийлер ретінде жұмыстың сапасы мен бақылаудың объективті орындалуы бойынша стандарттар қарастырылады. Олар тиісті құқықтық нормалар мен заңдардың сақталуын, қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің барабарлығын, қаражатты жұмсаудың тиімділігі мен рентабелдігін бағалауға көмектеседі.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуына жұмсалған ақшаның мақсатты бағытталуы міндетті тексерілуі тиісті. Тексеріс барысында көрсеткіштер бойынша жоспарланған мәндерді нақты қол жеткізілген мәндермен салыстыру жүргізіледі. Сонымен қатар қаржылық есептіліктің дұрыс жүргізуі тексерістен де өтеді. Шынайы нәтижелерді тексеріс жүргізу кезінде алу үшін таңдалған әдіс түріне байланысты болады, яғни таңдауды дұрыс жасау қажет.

Тексеру мамандары тексеру объектілерін алдын-ала зерттеудің нәтижесінде бюджет қаражаттардың заңдар мен мақсатқа сәйкес жұмсалатынына және қаржылық есептілігінің дұрыс жүргізіліп, сенімді болған кезде белгілі бір сенімділікті қалыптастырады. Бұл сенімділік ішкі бақылау ұйымдары немесе аудиторлық ұйымдар осы объектілерін қаржылық тексерістердің деректері мен нәтижелеріне негізделуі мүмкін.

Берілген мемлекеттік қаражаттың немесе меншіктің пайдалану тиімділігін талдауы келесі әдістер арқылы жүргізілуі мүмкін:

- Қарапайым немесе дисконттық әдіс;
- Интегралдық әдіс.

Қарапайым (дисконттық) әдіс кезінде уақыт факторларына байланысты мемлекеттік кірістері мен шығыстардың салыстырмалы өсімін есептемей, абсолюттік мемлекеттік кірістердің көбеюіне себеп болатын шығыстар мен кірістердің қатынасының мүмкін еместігі жатқызылады. Мемлекеттік қаржылық ресурстарын пайдалануы мемлекеттік кіріс көрсеткіштерін дисконттауды көздемейді [11].

Мемлекеттік объектілердің тиімділік коэффициенті мемлекеттік кірістердің өсімі салымдардың орташа мөлшеріне қатынасы негізінде есептелінеді. Мемлекеттік қаржы ресурстарды пайдаланудың орташа мөлшері бастапқы салымдардың көлемін екіге бөлу негізінде табылады. Сол себептен тиімділік коэффициенті келесі түрде көрсетіледі:

$$КЭИ = \frac{N_p}{1/2(K_0 - O_c)} \quad (1)$$

мұнда, КЭИ – мемлекеттік қаражаттарды пайдалану тиімділіктің коэффициенті;

N_p – мемлекеттік кірістер өсімі;

K_0 – бастапқы инвестициялар;

O_c – кезең соңында инвестициялар салынған объектілердің құны.

Ұзақ мерзімге салынған мемлекеттік қаражаттардың ерекшелігі ретінде келесіні атауға болады: қаражат бір кезеңде жұмсалады, бірақ та кірістердің өсуі басқа кезеңде болуы мүмкін. Осы ерекшелікті ескере отырып, мемлекеттік қаражаттарды пайдаланудың тиімділігін есептеуде таза дисконтталған құн әдісі қолдануы тиімдірек болады.

Таза дисконтталған құн бойынша мемлекеттік салымдардың тиімділігі келесі формула бойынша есептелінеді:

$$ТДҚ = -K_0 + \sum_{t=1}^n \frac{D_t}{(1+i)^t} \quad (2)$$

Мұнда, K_0 - базис кезеңінде мемлекеттік қаражаттың бастапқы салымдар сомасы;

D_t - мемлекеттік бюджет кірістердің i -ден n -ге дейін жылдары бойынша болашақ өсімі.

Кірістердің әр жылдағы көлемі D_1 , D_2 және D_n шамалары көрсетеді. Берілген әдісте табыс мөлшері бюджетке түсетін кірістердің өсуі ретінде анықталады. Сонда таза дисконтталған құны мемлекеттік қаражаттардың кетуі мен түсуі арасындағы айырмашылығына негізделіп тұр.

Белгілі мақсатты бағдарламаларын іске асырудағы кезеңнің аяғында және бюджеттік қаражатты жұмсау барысында салымдардың таза сараланған қайтарым мөлшерлері бойынша әр түрлі салым нұсқалардың тиімділігін бағалау кезінде қолданылатын формула:

$$\sum_{t=0}^n (E_t - K_t) * (1 + i)^{-t} \quad (3)$$

мұнда, E_t - t кезеңі аяғында кірістердің өсуі;

K_t - мемлекеттік қаражаттың бастапқы инвестициясы t кезеңінің соңындағы капитал шығындары;

i - қарастырылып отырған кезеңдегі инфляция деңгейі;

t – жылдар саны;

n - инвестициялық жобаның мерзімі.

Берілген мемлекеттік қаржының жобасын іске асырудан түсетін кірістің қорытынды шамасын айқындауға мемлекеттік қаражат салымдарының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мерзімінің соңында таза дисконтталынған құн сомасының формуласы негізінде капиталдандыру коэффициенті келесі түрде болады:

$$\gamma = \frac{i(1+i)^t}{(1+i)^t - 1} \quad (4)$$

мұнда, γ – капиталдандыру коэффициенті;
 i – инфляция деңгейі;
 t – мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мерзімі.

Сонда, бұл қайтарудан алынған оң сомасы мемлекеттік қаражат салымдарының тиімділік дәрежесін куәләндырады.

Берілген мемлекеттік қаржылық ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалау әдісі ішкі пайыз мөлшерлеменің көлемін есептеу кезінде құрылған және мемлекеттік кірістерінің өсу қарқының алдын-ала білуі керек екеніне негізделіп тұр [12].

Мемлекеттік қаржылық ресурстарын пайдалану тиімділігінің күтілетін көрсеткіші немесе кірістің ішкі ставканың шамасы пайыз түрінде болуы мүмкін екен. Аталған көрсеткіші таза дисконтталған құн формуласынан алуға болады. Ол үшін келесі шарт орындалуы қажет, яғни мемлекеттік қаржыладыру нәтижесінде жеке ақша ағындары мен ағындардың жалпы сомасы бір-біріне тең болуы қажет.

$$K_0 = \sum_{t=1}^n \frac{D_t}{(1+i)^t} \quad (5)$$

Керісінше, табыстың ішкі пайыздық мөлшерлемесі ретінде таза дисконтталған құны 0-ге тең болатын i дисконттау мөлшерлемесі саналады.

Айтып кету жөн, яғни тұрақсыз экономика жағдайында әртүрлі оқиғалардың дамуының ықтималдық нұсқаларының болжамы өте өрескел болуына ықтималдық жоғары [13]. Сондықтан өзгеретін параметрлердің мәндердің кең ауқымы үшін мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігін анықталуы өте маңызды болып келеді.

Әр нақты жағдай үшін, аудиторлар, тиімділік көрсеткіштер мен өзгеретін параметрлердің бір-бірімен өзара байланыстың нұсқасын дербес анықтауы қажеттілігіне байланысты қиындықтар туындауы ықтималдығы болады. Берілген есептеулер көп уақытты қажет ететін өте көлемді болуы мүмкін. Бұл кезде модельдеу әдістерін қолдануы жөн:

- 1) берілген мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері және өзгермелі параметрлер арасында пайда болатын өзара байланысты жалпылама түрде көрсетуі қажет;
- 2) қаражаттың немесе меншіктің тиімділік көрсеткіші ретінде дисконтталған интегралды көрсеткіштердің біреуін пайдалану жөн;
- 3) қаржылық салымдардың тиімділігін есептеу кезінде төлемдер ағындарының өзіндік ерекшеліктері және мемлекеттік салымдардың нақты түрлердің басқа да сипаттамаларын ескеруге қажет.

Қорытынды. Жалпы, мемлекеттік қаражатты немесе меншікті пайдалануын бақылау барысында аудиттің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану қажет. Берілген түрлердің арасында стратегиялық аудит, қаржылық аудит пен тиімділік аудиті мемлекеттік аудитті жүргізудің танымал құралдары болып табылады. Тиімділік аудитті қолдануы мемлекеттік қаржылық ресурстарды жұмсауға және мемлекеттік меншікті пайдалану барысында мемлекеттік бақылауды жүйелеуге мүмкіндікті алады. Сонымен қатар, сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына жобаны әзірлеуден бастап түпкілікті нәтиже алуға дейінгі бюджет қаражатын пайдаланудың бүкіл циклін қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен, мемлекеттік қаржы ресурстардың немесе мемлекеттік меншікті пайдаланудың тиімділігін бағалауда инвестициялық жобаларды бағалау әдістерін де қолдануға болатынын жоғарыда жасалған талдаудан байқауға болады.

Зерттеу барысында ұсынылған әдістеменің басты кемшілігі – бұл оның шектеулі пайдалануы. Себебі, мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру барысында бюджет кірістерін, яғни әлеуметтік бағыттағы мақсаттық бағдарламаларды алуды қамтымауы мүмкін. Алайда, егер іске асырудың жекелеген ережелерді қарастыратын болсақ, онда мемлекеттік бюджетке түсетін кірістің өсуі ықтимал, сол себептен берілген әдістерді сипатталған жағдайларда да қолдануы жөн. Берілген әдістеме мемлекеттік бюджеттердің күрделі шығындарын бағалау барысында үлкен тиімділікке ие.

Берілген мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің АР14972672 «Дағдарыстан кейінгі жағдайларда мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың тиімділігін жетілдіру» тақырыбындағы грантын орындау шеңберінде дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы [Электрондық ресурс] / ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі №1005 Жарлығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001005>
2. Лимская декларация руководящих принципов контроля [Электронный ресурс] / Принята IX Конгрессом Международной организации высших органов финансового контроля в г.Лима в 1977г. - URL: https://kirovsk.ru/files/docs/kso/lima_declaration_of_guidelines_control.pdf
3. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚРЗ [Электрондық ресурс] / Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
4. «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚРЗ [Электрондық ресурс] / Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413>
5. Barzelay M. Central audit institutions and performance auditing. A comparative analysis of organizational strategies in the OECD. // Governance. – 1997. – Vol.1. - 10(3). – p.236-249.
6. Ломинадзе А.А. Становление и развитие аудита эффективности и его правовое регулирование в зарубежных странах. // Финансовое право. – 2015. - №12 – С.40-45.
7. Васильева М.В. Аудит эффективности в системе государственного финансового контроля. // Инновационное развитие экономики. – 2015. - № 2 (26). - С.118-120.
8. Рябухин С. Аудит эффективности использования бюджетных средств и государственной собственности // Социальное рыночное хозяйство: принципы, общественные условия становления и эффективного функционирования. - 2019. – С.23-32.
9. Александров Е.И. Государственный финансовый контроль и становление аудита эффективности использования бюджетных средств // Финансы и кредит. - 2004. - №20. - С.24–31.
10. Рябухин С. Н. Аудит эффективности использования государственных ресурсов. - М.: Наука, 2004. – 166 с.
11. Райзберг Б.А. Ресурсоемкость целей государственных социально-экономических программ как критерий эффективности программно-целевого бюджетирования // Проблемы экономики и юридической практики. – 2018. – №1. – С. 8-12.
12. Bacher J., Koblbauer C., Leitgöb H., Tamesberger D. “Small differences matter: how regional distinctions in educational and labour market policy account for heterogeneity in NEET rates”. // Journal for Labour Market Research. – 2017. - 51(4). – pp.1-20. - doi:10.1186/s12651-017-0232-6
13. Cvecic I., Sokolic D. “Impact of public expenditure in labour market policies and other selected factors on youth unemployment” // Economic Research-Ekonomska Istraživanja. – 2018. - 31(1). – pp.2060-2080. doi:10.1080/1331677X.2018.1480970

REFERENCES

- 1.Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы [On approval of the concept of public finance management of the Republic of Kazakhstan until 2030] [Electronic resurs] / ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі №1005 Жарлығы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001005> [In Kazakh]
2. Linskaja deklaracija rukovodjashhih principov kontrolja [Lima Declaration of Control Guidelines] [Electronic resurs] / Prinjata IX Kongressom Mezhdunarodnoj organizacii vysshih organov finansovogo kontrolja v g.Lima v 1977g. - URL:https://kirovsk.ru/files/docs/kso/lima_declaration_of_guidelines_control.pdf [In Russian]
3. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚРЗ [On state audit and financial control] [Electronic resurs] / Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392> [In Kazakh]
4. «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚРЗ [About state property] [Electronic resurs] / Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413> [In Kazakh]
5. Barzelay M. Central audit institutions and performance auditing. A comparative analysis of organizational strategies in the OECD. // Governance. – 1997. – Vol.1. - 10(3). – p.236-249.

6. Lominadze A.A. Stanovlenie i razvitie audita jeffektivnosti i ego pravovoe regulirovanie v zarubezhnyh stranah. [Formation and development of efficiency audit and its legal regulation in foreign countries] // Finansovoe pravo. – 2015. - № 12 – S.40-45. [In Russian]

7. Vasil'eva M.V. Audit jeffektivnosti v sisteme gosudarstvennogo finansovogo kontrolja. [Performance audit in the system of state financial control] // Innovacionnoe razvitie jekonomiki. – 2015. - № 2 (26). - S.118-120. [In Russian]

8. Rjabuhin S. Audit jeffektivnosti ispol'zovanija bjudzhetnyh sredstv i gosudarstvennoj sobstvennosti [Audit of the effectiveness of the use of budgetary funds and state property] // Social'noe rynochnoe hozjajstvo: principy, obshhestvennye uslovija stanovlenija i jeffektivnogo funkcionirovanija. - 2019. – S.23-32. [In Russian]

9. Aleksandrov E. I. Gosudarstvennyj finansovyj kontrol' i stanovlenie audita jeffektivnosti ispol'zovanija bjudzhetnyh sredstv [State financial control and the establishment of an audit of the effectiveness of the use of budgetary funds] // Finansy i kredit. - 2004. - №20. - S.24–31. [In Russian]

10. Rjabuhin S. N. Audit jeffektivnosti ispol'zovanija gosudarstvennyh resursov [Audit of the effectiveness of the use of public resources]. - M.: Nauka, 2004. – 166 p. [In Russian]

11. Rajzberg B.A. Resursoemkost' celej gosudarstvennyh social'no-jekonomicheskikh programm kak kriterij jeffektivnosti programmno-celevogo bjudzhetirovanija [The resource intensity of the goals of state socio-economic programs as a criterion for the effectiveness of program-targeted budgeting] // Problemy jekonomiki i juridicheskoy praktiki. – 2018. – № 1. – S. 8-12. [In Russian]

12. Bacher, J., Koblbauer, C., Leitgöb, H., Tamesberger, D. “Small differences matter: how regional distinctions in educational and labour market policy account for heterogeneity in NEET rates”. // Journal for Labour Market Research. – 2017. - 51(4). – pp.1-20. - doi:10.1186/s12651-017-0232-6

13. Cvecic, I., Sokolic, D. “Impact of public expenditure in labour market policies and other selected factors on youth unemployment”. // Economic Research-Ekonomska Istraživanja. – 2018. - 31(1). – pp.2060-2080. - doi:10.1080/1331677X.2018.1480970

Череева Б.Т., Бейсенғалиев Б.Т., Жумақсанова Қ.М., Кузенбаева Э.Р.

МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СОБСТВЕННОСТЬЮ И СРЕДСТВАМИ

Аннотация

Целью статьи является раскрыть необходимость проведение оценки эффективности использования государственного имущества и средств посредством методов принятия инвестиционных решений. Теоретико-методологическая основа представленного исследования базируется на методах системного и структурного анализа, которые позволяют изучить сущность проведения оценки (аудита) эффективности государственных ресурсов и выявить ее особенности среди других видов аудита. Научно-методический аппарат включает в себя ретроспективный анализ, причинно-следственный анализ, метод сравнительного анализа и коэффициентный анализ, который адаптирован под оценку эффективности использования государственных средств и собственности. *Ценность исследования* заключается в обосновании и адаптации методов оценки инвестиционных решений к оценке эффективности использования государственных ресурсов, а также в выявление их методических особенностей и реальных проявлений. *В результате исследования* дано обоснование использования оценки (аудита) эффективности в отношении государственных средств и имущества. Представлена зарубежная практика использования оценки (аудита) эффективности, особенности их проведения. В ходе исследования сформулированы методические особенности оценки эффективности государственной собственности и бюджетных средств, отобразив их реальную видимость. Авторами представлен механизм проведения оценки эффективности государственных ресурсов (собственность, бюджет и пр.), который представлен взаимосвязью всех участников государственного управления. Сформулированы ключевые элементы процедуры оценки эффективности использования государственных средств и собственности, отражающие их правовую и социально-экономическую основу. Авторами обращено внимание, что финансирование социально-экономических процессов государства происходит посредством государственных программ, которые включают в себя все статьи расходования средств для достижения поставленной цели. Степень освоение государственных требует использование определенной методики, в качестве которой предложено использовать коэффициент эффективности использования государственных средств, метод чистой дисконтированной стоимости, коэффициент капитализации и метод внутренней

процентной ставки. Предложенная методика была обоснована и адаптирована к применению оценки эффективности государственных средств.

Chereyeva B., Beisengalyev B., Zhumaxanova K., Kuzenbayeva E.

**METHODOLOGY FOR EVALUATING THE EFFECTIVENESS OF MANAGEMENT
OF STATE PROPERTY AND FUNDS**

Annotation

The purpose of the article is to reveal the need to assess the effectiveness of the use of state property and funds through methods of making investment decisions. The theoretical and methodological basis of the presented research is based on methods of systemic and structural analysis, which allow us to study the essence of conducting an assessment (audit) of the effectiveness of public resources and identify its features among other types of audit. The scientific and methodological apparatus includes retrospective analysis, causal analysis, comparative analysis and coefficient analysis, which is adapted to assess the effectiveness of the use of public funds and property. The value of the research lies in the substantiation and adaptation of methods for evaluating investment decisions to assess the effectiveness of the use of public resources, as well as in identifying their methodological features and real manifestations. As a result of the study, the justification for the use of efficiency assessment (audit) in relation to public funds and property is given. The article presents the foreign practice of using efficiency assessment (audit), the specifics of their implementation. In the course of the study, methodological features of evaluating the effectiveness of state property and budget funds are formulated, reflecting their real visibility. The authors present a mechanism for evaluating the effectiveness of public resources (property, budget, etc.), which is represented by the interconnection of all participants in public administration. The key elements of the procedure for evaluating the effectiveness of the use of public funds and property are formulated, reflecting their legal and socio-economic basis. The authors draw attention to the fact that the financing of socio-economic processes of the state takes place through state programs, which include all items of expenditure to achieve this goal. The degree of development of public funds requires the use of a certain methodology, as which it is proposed to use the efficiency coefficient of the use of public funds, the net discounted value method, the capitalization coefficient and the internal interest rate method. The proposed methodology was justified and adapted to the application of evaluating the effectiveness of public funds.

